

ӘОЖ 82.0

## ГЕНДЕРЛІК АРҚАУДАҒЫ Э.ЗОЛЯ МЕН Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Қадырқұлова Жанеля Ерболқызы**

[zhanelya.kadyrkulova@mail.ru](mailto:zhanelya.kadyrkulova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ , 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы  
бойынша білім алушы Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Үсен А.Ә.

Өмір құбылыстарын табиғи қалпында айтып баяндауды мақсат ететін бейнелеу тәсілі – натурализмнің француз әдебиетіндегі өкілдері Анатоль Франс, Эмиль Золя болса, неміс әдебиетіндегі натурализмнің тууын ең алғаш байқаған – Теодор Фонтане. Натурализмнің теоретигі Эмиль Золя 70-ші жылдары «Вестник Европы» беттерінде қалам тербеп, «Эксперименталды романында» (1880), «Натуралист-романшылар» (1881), «Театрдағы натурализм» (1881) еңбектерінде натурализмді жетілдіріп отырды. Осы қағидалардың шеңберінде, француз классикалық натуралистің ықпалында ағылшындық және американдық натуралист-жазушыларының бір буыны өсіп шықты. Аталған ағымның бейнелеу тәсілдері басқа да ұлттық әдебиеттерде түрлі деңгейлерде көрініс тапты. Орыс жазушылары Достоевский, Тургенев, Толстой шығармаларында натурализм көрініс тапқанын, «натуралдық мектептің» негізін қалаушы Гоголь, идеялық дем беруші Белинский болғанын білеміз. Ал қазақ әдебиетінде ше? Натурализм қазақ әдебиетіне қанатын жайып, тамыр тастаған құбылыс емес екіндігін қазақ халқының жалаң табиғаттан гөрі әдемілік, арман мен ұшқыр қиялға көп берілгендігімен түсіндіреміз. Дегенмен, тәуелсіздік жылдарындағы зерттеуші ғалым Ж.Ж. Жарылғапов «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» монографиясында натурализмді ағым ретінде мойындайтын

уақыттың жеткендігі туралы айтады. «Әдебиеттануымызда әлі дұрыс бағасын ала алмай жүрген, көбінесе көркемсіздік пен талғамсыздық ұғымдарымен қатар пайдаланылып келген натурализм тенденциялары, адам образын натуралистік бейнелеу құралдары арқылы жасау ұлттық прозамызға жат болған жоқ. Адам тұлғасына биологиялық тұрғыдан үңілу, тұрмыстық детальдарға аса үлкен мән беру, ол детальдардың аллегориялық астарын пайдалану, тілдің түсініктілігімен шынайылығын қатаң қадағалау, сол арқылы шығарманың публицистикалық мазмұнын арттыру, әсіресе, Б. Майлиннің бірқатар әңгімелерінде, С. Ерубаевтің, Ж. Аймауытовтың образ сомдау тәсілдерінде ұтымды пайдаланылғанын аңғаруға болады». [1,213]

Әдебиетте әйел тағдыры, сол әйел тағдырын арқау етіп қоғам өмірі мен шындығын әшкере ететін шығармалар саны жетерлік. Ж.Аймауытовтың “Күнекейдің жазығы” мен Эмиль Золяның “Тереза Ракен” шығармасы да осы тақырыптағы натуралистік шығармалар. Күнекей қыздың жазығы Байманмен еріп кеткені болса, Тереза өмірінде бұлшық еті бұлтылдаған, қайрат күші бойын кернеген Лоранның пайда болуы, Камиллды өз орнынан ығысуға мәжбүрлейді. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы көшпелі елдің тұрмысы қанық бояумен суреттелген” Күнекейдің жазығы” шегініс арқылы суреттеліп, шығарма басы «Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса боп сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?»[2, 3] ,- деп Күнекейдің күйін суреттеу арқылы басталғанын жазушы қазақ әйелі теңіне қосылды дегенмен, әлі де теңдікке жетіп болған жоқ екенін ашып көрсетеді. Оған деген көзқарас өзгермеген. Ескі салт, тұрмыс, ұғым әлі де қолбайлау болып, аяқты шырмап, бөгеуде екенін анық жеткізуді көздейді. Дәстүрлі тақырыпқа басқа қырынан келгенін де байқауымызға болады. Эмиль Золяның “Тереза Ракенінде” де француз қоғамындағы орта топ өкілдерінің өмірін суреттеу арқылы әйел тағдыры, әйел бақыты негізгі тақырыпқа алынады. Бұл туралы автор былай дейді: «Когда я начал работать над романом «Тереза Ракен» я ставил следующую цель: показать жизнь среднего французского класса».[3, 7] Э.Золя бұл шығармада адам тәнін, темпераментін зерттеуді негізгі міндеті ретінде қарастырып эксперименттік тұрғыда жазып шыққан болса, Ж.Аймауытовта да эксперименттік қырдың барын байқауымызға болады:шығарманы ақ өлең үлгісінде жазып шығады. Екі шығармадағы махаббат үштігі, Күнекейде анасы Шекер, Терезада әкпесі Ракен ықпалы, қам-қарекетсіз тіршілігі жүріп тұрған Ордабай ауылы мен Пон-Неф кварталы, Тұяқ пен Камилл, Байман мен Лоран арасында образдық сабақтастық, тақырыптық-идеялық үндестіктің бар екенін байқай аламыз.

Жазушы Күнекейдің ішкі әлеміндегі өзгерістер мен терең ағыстарды, күйін әдебиетімізде сомдалған Бақытсыз Жамал, Ғайша, Қамар сұлудың өмірдегі бақытсыздықтары, қайғы-шерлерімен сабақтастырмай, басқа қырынан келеді. Бұл шығармада жан-жақты көрініс тапқан жеке тұлғалардың қақтығысы емес, адам темпераменттерінің тайталасы басты орынға шығады. Бұл жағынан алып қарағанда, Ж. Аймауытовтың шығармасы Э. Золяның «Тереза Ракен» романымен ашық ұйқасатын, терең үндесетін қырлары айғақталады. «Күнекейдің жазығының» басында бай Ордабай үйі мен сіңірі шыққан кедей Құлтума үйі салыстырыла, адамдары бірін бірі атарға оғы болмай, сыртқа шығара қоя алмайтын күндестік әрекеті ашық суреттеледі: «Бай болып Ордабайдың мандайы шылқып жатқаны тағы жоқ. Бәйбішеден үш от ау, Қара бәйбіше десе дегендей қара ниет... Азаматтардың ішкені қымыз, аңдығаны қыз, бұт ын қасынып қамқаракетсіз жүріп жатқан наны пәтір адамдар», « Ордабайдың үш баласы үш ауыл ғой», «Ордабайдың қыз-келіншектері бәт құндыз бөріктерінің үкілері желкілдеп, жорға мен жүйрік мініп, алдыңғы көшке өте шығады...» [4, 32] делінеді. Күнекейдің ортасы мен ол өмір сүрген қоғамын Ж.Аймауытов қайғы мен уайымы жоқ, ауылдың байы жуан қарнын сипап, кедейі бит жеген бұтын қасып ас ішіп, аяқ босатумен соқыр тіршілік жасап жатқанын ащы сарказм мен юморды сабақтастыра отырып жеткізеді. Оның айналасындағы адамдардың

барлығы сол қоғамның бейнесін танытады. Дәл осындай ортада өскен Күнекейдің ол адамдардан ерекшелігі мен артықшылығы бар еді. Ол- сұлу да сымбатты, ақылды да сымбатты еді. Тіпті, оның өзгелерден артықшылығын құрбысы бай қызы Шәмшимен салыстыра отырып көрсетеді. «Тереза Ракен» шығармасындағы оқиға Пон-Неф кварталында орын алған. Пон-неф пен Ордабайды сипаттау арқылы айтқысы келгендері-қам-қарекетсіз тіршілік пен бей-берекетсіз адамдар өмірі арқылы сол кездегі қоғам тынысы. «Пассаж Пон-Неф не место для прогулок. Им пользуются, только чтобы сократить до- рогу, чтобы выгадать несколько минут. Тут проходят люди занятые, которым важно поско- рее добраться до места. Здесь видишь подмастерьев в рабочем фартуке, мастериц с их изде- лиями, мужчин и женщин со свертками под мышкой; здесь видишь стариков, которые бредут в унылом сумраке, льющемся со стеклянной крыши, и ватагу ребятишек, только что вырвавшихся из школы, – они пользуются случаем пошуметь и изо всех сил топают дере- вянными башмачками по каменным плитам. Весь день тут не умолкает дробное постукива- ние торопливых шагов, и эти звуки раздражают своей беспорядочностью; никто здесь не останавливается, никто не беседует; каждый бежит по своим делам, понунив голову, торо- пится и даже не бросит взгляда на лавочки.» [ 5,28] , - деп бұл кварталдың күйін жеткізеді. «Күнекей жазығындағы» Ордабай ауылы мен «Тереза Ракеннің» Пон-неф кварталында Күнекей мен Тереза тағдыры баян етіледі.

Күнікей образы шешесі Шекер бейнесімен тығыз байланыста алынған. Күнікей – шеше тәрбиесінде болған, анасының айтқанымен жүріп, дегенін бұлжытпауға тырысқан , тіпті оны Тұяққа қосуға шешім қабылдағанда да ана кесіміне қарсы шықпай, амалсыз көнеді. Анасы Шекер бейнесі шығармада былай беріледі: «Шешесі Күнікейдің Шекер еді, өзі де Шекер десе шекер еді, Құлтуманы "Шекердің байы" деуші еді, Шекерді "катыны" деу бекер еді». [6,17] Күнекейге Шекердің ықпалы зор болып, оның образы анасымен байланысты берілсе, Тереза образы оның әкпесі Ракенмен өте тығыз. Ракен мен Шекер образы арасындағы үндестік- өз перзенттеріне барынша жақын болып, әр кез жанынан табылғандығы. «Камиллу тогда было двадцать лет. Мать еще баловала его как ребенка» [7, 57] десе, Шекердің әрекеті «Қадаса да сұмдықты ерте сезгіш, жырынды Шекер қызына қарлығаштай шыжбақ боп, жүрсе-тұрса көзінен таса қылмай, тұтқындағы жаннан бетер бағушы еді» [8, 56] , -деп берілген. Шекердің қызы Күнекейді Тұяққа тұрмысқа беруі текке емес еді, сол мәселе Терезаның өмірінде де орын алған. Кішкентайынан әкпесі Ракеннің тәрбиесінде болған Терезаны Ракен өзінің ұлына қосады. «Госпожа Ракен взирала на детей с небесной добротой. Она решила их поженить... Этот брак был заранее предвиденным, окончательным решением всех вопросов.» [8,45]

Байман Тұяқтың ағайындас інісі болса, Лоран Камиллдің жолдасы. Лоранды үйіне алып келген де Камиллдің өзі еді. Лоранды көргендегі Тереза күйі: «Тереза, еще не промолвившая ни слова, разглядывала гостя. Никогда в жизни ей не доводилось видеть та- кого мужчины. Лоран – высокий, сильный, румяный – изумлял ее. Она с каким-то восторгом рассматривала его низкий лоб, обрамленный жесткой черной шевелюрой, полные щеки, яр- кие губы, правильные черты лица, отмеченного какой-то полнокровной красотой... И Тереза с любопытством рассматри- вала его, переходя от рук к лицу, а когда она останавливала взгляд на его бычьей шее, по ней прибегали легкие мурашки.» [9, 59] , - деп суреттелсе, Күнекейдің Байманды көргендегі сәті: «Жұрт мақтап жүрген балуан, ер, өлеңші, өнерлі, топ басы Байманға не бетінен, не тамағынан, не аузынан, не тілінен сүйгізерін білмей, қай жерінен сүйсе де аяғандай емес, буыны босап кетті. Байманның отты лебі бетін жыбыршытып, таяна бергенде, жалт қараймын деп аузына дәл келіп қалды. Қараңғы жерде ернін емізе түсіп қайрыла бергенде, өзі де құшырлана шөп еткізді» [10,89] , - деп адамның іштегі физиологиялық күйімен сабақтастырылып, табиғи сезімнің орын алуымен баяндалған. Осы ретте екі автордың да адамның сезімін, ішкі күйін суреттеуде биологиялық-физиологиялық жағдайын ескеріп отырғандығын аңғарамыз. Бұл оның натуралистік шығарма екеніне нақты дәлел. Балағат жасқа толған, тұла бойы ойнап тұрған

бойжеткеннің Байманды көргендегі әрекеті мен өзіне еш қызығы жоқ күйеуі Камиллдің Лоранды алып келгендегі Терезаның күйінен әйелдің биологиялық шындықтарын, санадан тыс туа бастаған биологиялық түйсіктерді ашу арқылы психологиялық дәйектеменің жасалғанын көріп тұрмыз. Байманның Тұяқтан анағұрлым өзге екендігін байқаған Күнекей Байманға таңдау жасаған болса, Терезада Лоранға қосылып, әйел бақытын сезінуді көздейді: «Тереза желала вырваться на свободу, стать свободной, счастливой». [11,67] Сондағы Тұяқ пен Камиллдің олардан өзгешелігі не еді? Тұяқ образына келсек, «Тұяқ қаралы кедейдің баласы. Мұрны кертеш, иегі кемиек бет-аузы құдды шөміш, мойны ішіне кірген. Бейнесіз- ақ жігіт. Сонда да Шекердің қолайына жақты. Шекердің айтуынша мұрнының да «дәнеңесі жоқ», қолы да «епсек», өзі де оны -мұныға «епті», мойны да «сұңғақ», өңі де «ақ құба» жігіт боп шықты» [12,19] , - дейді. Тіпті айттырып келгенінде Күнекейде сол кертештен басқа кісі құрып қалды ма деуінен оның жаға қоймағандығын, жігіттік тұлғасының өзгеге қарағанда өзге болғандығын байқауға болады. Ал, Камилл- әлсіз, аурушаң. Тереза да Камиллге құлай сүйіп тұрмысқа шықпаған еді. «Рост его задержался, и он остался маленьким и тщедушным. Его хилые руки и ноги двигались медленно, вяло» [13, 15] дегенінен Лораннан айырмашылығын айқын көреміз. Сонда да, Күнекейді Тұяққа, Терезаны Камиллге беріп, олардың бақытты болып кетуін бірінің анасы, бірінің әкпесі қалаған-ақ еді. Тұяқпен емес Байманмен, Камиллмен емес Лоранмен өз тағдырын байлап, соңынан ерген екі әйел бақытты бола алды ма? Өкінішке орай, жоқ. Күнекейдің шығарма басындағы тағдыры оның сол бойы өз бақытын таба алмағандығын танытса, «Тереза Ракеннің» соңы да трагедиялық оқиғамен аяқталады. Ақырында ажал құшады. Бақыт құшағына тербелуді арман етіп, жүрегіне ерік берген екі кейіпкердің образы жан-жақты, натуралистік бағытта тереңінен суреттелген. Оқырмандардан өзінің жоғары бағасына ие болған бұл шығармалар-натурализмнің таңдаулы шығармаларының бірі дер ем.

Қорыта келгенде, Ж.Аймауытов пен Э.Золяның шығармасында идеялық, тақырыптық, сюжеттік әрі образдық сабақтастық бар. Гендерлік арқаудағы бұл екі шығарманың философиялық, өмірлік мәні, адамның әлеуметтік дағдарысқа, рухани күйзеліске қалай, нендей жағдай арқылы түскенін баян ете отырып, сол қоғамда ортанын тынысын та таныта білуіндегі рөлі зор. Әйел тағдыры, өмірі, теңдігі мен құқығы әр кез өзекті мәселелерінің әрі дау туғызар тақырыптың бірі болып қала бермек. Бұл шығармада қоғам, әсер етуші орта, ана тәрбиесі, әйел бақыты, махаббат пен неке үлкен гармониялық сипатта суреттеліп, оқырмандарды керемет сезімге бөлеп, үлкен әсер қалдырғаны сөзсіз анық.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989.
3. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста.
4. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989.
5. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста
6. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989
7. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста
8. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста
9. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста
10. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989
11. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста
12. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989
13. Бычков М.Н. Тереза Ракен. Правда; Москва; 1981; Перевод: Е. Гунста